

**«Дактилоскопиялық және геномдық
тіркеу туралы» Заң жобасы
бойынша тезистер**

*а.ж. 14 қараша, заң жобасының Мәжілістегі
презентациясы*

Құрметті Нұрлан Мәжитұлы!

Құрметті әріптестер!

«Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» және оған ілеспе заң жобалары Мемлекет басшысының тапсырмасы мен Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2016 жылға арналған жоспары бойынша әзірленді.

Негізгі заң жобасы 5 Тараудан және 38 баптан тұрады. Ілеспе заң жобасы (*«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дактилоскопиялық және геномдық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»*—2-баптан тұрады.

- Заң жобаларын қабылдау **мақсаты** дактилоскопиялық және геномдық ақпарат (ДНҚ) негізінде адамның жеке басын растау мен сәйкестендірудің құқықтық негіздерін белгілеу болып табылады.

- Көрсетілген мақсаттарға сәйкес:

- 1) мемлекеттік дактилоскопиялық және геномдық тіркеудің, негізгі ұғымдардың, қағидаттардың, міндеттердің, оларды жүзеге асыру тәртібінің құқықтық негіздерін;

- 2) дактилоскопиялық ақпаратты, биологиялық материалды және геномдық ақпаратты жинауға және өңдеуге, дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласында мемлекеттік реттеуге қойылатын негізгі талаптарды анықтау міндеттері болып табылады.

Дактилоскопиялық ақпарат ұғымы ретінде адамның жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін саусақ және алақанның папиллярлық белгілері құрылымының ерекшеліктері туралы биометриялық деректер түсініледі.

Геномдық ақпарат – бұл адамның немесе танылмаған мәйіттің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін ДНҚ-ның нақты бір фрагменттері туралы кодталған ақпарат.

Заң жобасында дактилоскопиялық және геномдық тіркеуге жататын адамдардың қатары, сондай-ақ оны жинауға, есебін жүргізуге және сақтауға жауапты мемлекеттік органдардың толық тізбесі белгіленген.

• Қазақстанның азаматтарын **дактилоскопиялық тіркеу паспортты, жеке куәліктерді немесе теңізшінің жеке куәлігін ресімдеу кезінде** жүргізілетін болады.

Техникалық мүмкіндіктер бұған мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта бізде жеке басты куәландыратын 11 құжаттың ішінде 7-еуі биометриялық болып табылады және құжаттың иесі туралы графикалық және мәтіндік ақпарат қорғалған түрде сақталатын микросхемаларды қамтиды.

Анықтама ретінде: биометриялық құжаттар: Қазақстан Республикасы азаматының паспорты мен жеке куәлігі, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, дипломатиялық және қызметтік паспорттар, теңізшінің жеке куәлігі.

Он екі жастан бастап он алты жасқа дейінгі **балалар** паспорт алған кезде ол тек олардың келісімімен ғана мүмкін болады, ал он екі жастан аспаған балалар – тіркеуге жатпайды.

Шетелдіктердің арасында міндетті дактилоскопиялық тіркеуден, ең алдымен, біздің заңнаманы бұзған және елден шығарылуға жататын адамдар өтетін болады.

Одан басқа, шетелдіктер саусақ таңбаларын виза алу кезінде тапсыратын болады – бұл олардың шекараны кесіп өтуі кезінде жеке басын растауға көмектеседі.

Сонымен қатар босқындарды, еңбекші көшіп келушілерді және Қазақстанда ықтияр хатпен тұратын шетелдіктерді дактилоскопиялық тіркеу ұсынылады.

• Дактилоскопиялық ақпаратты жинау:

- ішкі істер органдарына – құжаттандыру кезінде, шетелдіктерге виза беру және еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру кезінде;

- **CIM-нің шетелдік мекемелеріне** – виза беру кезінде жүктелетін болады.

Барлық ақпарат IIM-нің қорғалған деректер базасында **шифрланған электрондық түрде** сақталатын болады. Бұл оған бөгде адамдардың қолжетімділігін немесе оның заңсыз пайдаланылуын болдырмауға кепілдік береді.

• Дактилоскопиялық ақпарат **Заңмен қатаң айқындалған мақсаттарда:**

- соттардың, құқық қорғау органдарының, атқарушылық іс жүргізу, анықтау және тергеу органдарының сұрау салулары бойынша жеке басты растау немесе анықтау үшін;

- Шекара қызметінің – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін адамдарды сәйкестендіруі үшін;

- шетелдіктердің ел аумағына келуін есепке алу және бақылау үшін пайдаланылатын болады.

• **Міндетті геномдық тіркеуге** қылмыстардың жекелеген түрлері үшін сотталғандар, биологиялық материалы тергеу әрекеттері барысында алынған анықталмаған адамдар, танылмаған мәйіттер жатады.

Хабарсыз кеткен азаматтардың туыстары геномдық ақпаратты олардың жазбаша келісімімен ерікті түрде тапсыратын болады.

• **Геномдық ақпаратты жинауды** ішкі істер органдары Әділет министрлігінің сот және сот-медициналық сараптамасы органдарының ДНҚ-зертханаларының қатысуымен жүзеге асыратын болады.

Ақпарат қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеу, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды анықтау мақсатында пайдаланылатын болады.

Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, олардың мүдделерін қорғау мақсатында заң жобасы **мемлекеттік органдардың міндеті** дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты қорғау үшін - барлық қажетті – құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауын айқындайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар шағымдана алады, оның ішінде сот тәртібінде осындай ақпаратты жинаумен және өңдеумен байланысты мемлекеттік органдардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдана алады.

- **Заң жобасын қабылдау:**

- жеке басты тез және нақты анықтау міндеттерін табысты шешуге;

- адамның құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қоғамдық қауіпті қолсұғушылықтардан қорғалуының сапалы жаңа деңгейін қамтамасыз етуге;

- көші-қон ағынын бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді.

- **Ілеспе заң жобасымен:**

- Қылмыстық-атқару кодексіне

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске

- сондай-ақ:

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы»,

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы»,

«Босқындар туралы»,

«Халықтың көші-қоны туралы»,

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы»,

«Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы»,

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 7 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

- Заң жобалары мүдделі мемлекеттік органдармен (Бас прокуратурамен, ҰҚК, Әдминімен, ҰЭМ, Қаржыминімен, СІМ, АҚМ, ИДМ, ДСЖӘДМ) келісілді.

Парламент Мәжілісі депутаттарының, ғылым қайраткерлерінің, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың (Астана қаласындағы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы бағдарламаларының офісі, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметі ағымдағы жылғы 14 және 18 қазан) қатысуымен жан-жақты **қоғамдық талқылау** өткізілді.

Іс-шаралардың барлығы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

- Заң жобаларын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

Заң жобасын іске асыру шығынды және техникалық күрделі болып табылады.

Сондықтан оны 2021 жылы – барлық қажетті дайындық іс-шараларын іске асырғаннан кейін қолданысқа енгізу жоспарланған.

Заң жобасы қосымша бюджеттік қаржы бөлуді талап етеді, Республикалық бюджет комиссиясы қарап, мақұлдады.

Анықтама ретінде: құрал-жабдық пен бағдарламалық қамсыздандыру сатып алуға 36,8 млрд теңге қажет.

- Сөздің соңында Қазақстан 2009 жылдан бастап ИКАО Халықаралық азаматтық авиация ұйымының Ашық кілттер директориясына кіретінін атап өткім келеді.

Көрсетілген ұйым екі өлшемді фотосуретпен толық автоматты тану мүмкін еместігін таныған. Фотобейне бойынша автоматты салыстыру қателігінің ықтималдығы 50% құрайды.

Сондықтан ИКАО халықаралық стандарты әрбір мемлекеттің фотобейнеден басқа өзге де де биометриялық параметрлерді тану технологиясын пайдалануын көздейді.

Анықтама ретінде: биометриялық параметрлер: саусақтардың дактилоскопиялық өрнегі, көздің мөлдір қабығы, дауыстың параметрі, бет пішіні, қолдың пішіні, беттің термограммасы (қан тамырлардың орналасу сипаттамасы), түкті жамылғы, терінің химиялық бөліндісі, генетикалық кодтың фрагменттері, қолтаңбаның сипаттамасы.

Барлық биометриялық параметрлердің ішінде жинау және сәйкестендіру үшін дактилоскопиялық ақпарат едәуір ыңғайлы болып табылады.

Қазіргі уақытта шет елде осы технологиялар белсенді қолданылуда.

Мысалы, құжат иесі туралы биометриялық ақпараты, оның ішінде саусақ таңбалары бар паспорттар 2004 жылдан бастап АҚШ-та, 2007 жылдан бастап биометриялық жеке куәлік енгізілген Еуроодақ елдерінде қолданыла бастады.

Паспорттар беру кезінде кезең-кезеңімен дактилоскопиялық тіркеу Түркияда жүзеге асырылады (2009 жылдан басталды, елдің 60 млн ересек халқының 20 миллионы тіркелді).

Бұл жұмыс Қытайда толығымен аяқталған (2011 жылдан бастап года саусақ таңбалары жеке куәлікті алу кезінде алынады).

ТМД елдерінің ішінде – Ресей 1998 жылы Дактилоскопиялық тіркеу туралы заңды, 2008 жылы Мемлекеттік геномдық тіркеу туралы заңды қабылдаған бірінші ел болды.

Осыған ұқсас заңдар Әзербайжанда, Беларусияда, Тәжікстанда, Молдовада және Өзбекстанда қолданыста.

Жалпы бүгінгі күні 100 ел биометриялық тіркеу бойынша ұлттық жобаларды енгізуде, себебі мұндай құжаттар:

- қолдан жасаудан қорғаудың жоғары дәрежесіне;
- құжат иесін автоматты верификациялау мүмкіндігіне ие.

Қазақстандық паспорттарға дактилоскопиялық деректер енгізу шет мемлекеттердің көші-қон және шекара қызметтерінің оларға деген сенімін арттырады, біздің азаматтар мен шетелдіктер үшін мемлекеттік шекараны кесіп өту рәсімін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Анықтама ретінде: әртүрлі елдерде электрондық өткізу пункттері («Е-гейт») енгізілуде. Арнайы құрылғыда саусақ таңбалары сканерленеді, олар– елдің азаматтары құжаттар алу кезінде, ал шетелдіктер – визалар ресімдеу кезінде дактилоскопиялық тіркеу деректерімен салыстырылады. Нәтижесінде шекара арқылы өткізу автоматты режимде шекара қызметінің қатысуынсыз жүзеге асырылады.

- Сотталғандарды геномдық тіркеу қылмыс жасауға бейім адамдар үшін тоқтатушы фактор болып табылады, демек, оның профилактикалық маңызы бар, еліміздегі криминогендік жағдайға оң ықпал ететін болады.

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рахмет.